

БІЛІМДІ ЕЛ - МӘНГІ ЕЛ



**Сен – біздің  
бірінші  
оқырмансың**

**Бірінші оқырман – алғашқы қадам, үлкен үміт. Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының балаларға қызмет көрсету бөлімінде жаңа жылдың алғашқы оқырманы анықталды. Ол №7 жалпы білім беретін мектебінің 2 «Ә» сынып оқушысы Арлан Қанатбай.**

Арлан Қанатбай 2026 жылдың алғашқы оқырманы болып келді. Арнайы ұйымдастырылған іс шарада оқырмандар кітапхана ережесімен танысып, кітап қорындағы жаңа әдебиеттер мен мерзімді басылымдармен, кітап көрмесімен танысты. Сонымен қатар, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды шешіп, қызықты ойындарға белсене қатысты. Мерекелік іс-шара барысында Арланға естелік сыйлықтар табысталды.

Балаларға қызмет көрсету бөлімінде өткізілетін дәстүрлі мерекенің басты мақсаты – жас оқырманның кітапқа деген қызығушылығын арттыру және кітапқа деген құрмет, сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Арлан Қанатбайдың белсенділігі мен кітапқа деген қызығушылығы бізді ерекше қуантты. Балалар әдебиетін сүйіп оқитынын айтып, сүйікті авторларымен бөлісті. Бұл тек бірінші оқырманның алғашқы оқыған ертегілері мен мерзімді басылымдары. Алғашқы қадам үлкен жолдың басы екені белгілі. «Кітап білім бұлағы» екенін білетін жас ұрпақтың кітаппен достығы ұзақ, әрі мағыналы болатынына сенеміз. Бұл күн үлкен қуаныш, ал бірінші оқырман үшін – ерекше есте қалатын күн. Кітапхана оқырмандары көп болсын, кітаппен дос болсын дейміз!

**Жібек НҰРҒАЛИҚЫЗЫ,  
ОӘҒК №2  
балаларға қызмет көрсету бөлімінің  
кітапханашысы**